



## Қаржы нарығындағы ахуал туралы

2014 жылғы 27 наурыз

Алматы қ.

### 1. 2015 жылғы ақпандағы инфляция.

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми деректері бойынша инфляция 2015 жылғы ақпанда 0,4% (2014 жылғы ақпанда – 1,7%) болды. Ақылы қызмет көрсету тарифтері 1,3%-ға (1,7%-ға), азық-түлік тауарларының бағасы 0,2%-ға (1,5%-ға) өсті. Азық-түлікке жатпайтын тауарлар 0,5%-ға арзандады (1,9%-ға өсті).

Азық-түлік тауарларының ішінде 2015 жылғы ақпанда көп дәрежеде темекі өнімдері 1,8%-ға, жемістер мен көкөністер 1,2%-ға, оның ішінде орамжапырақ – 7,4%-ға, макарон өнімдері – 0,8%-ға, сүт өнімдері – 0,6%-ға, нан, балық және теңіз өнімдері – 0,2%-ға қымбаттады. Қанттың бағасы 4,0%-ға, жұмыртқа – 1,8%-ға, ет және ет өнімдері – 0,4%-ға, күріш – 0,3%-ға, жарма, май және тоң майлар – 0,2%-ға төмендеді.


Азық-түлікке жатпайтын тауарлар нарығында дәрі-дәрмектің бағасы 2,2%-ға, киім және аяқ-киім – 0,4%-ға, тұрмыстық үй заттары – 0,3%-ға өсті. Бензиннің құны 8,2%-ға, дизель отыны – 6,9%-ға төмендеді.

Ақылы қызмет көрсету тобында тұрғын үй-коммуналдық саладағы қызметке ақы төлеу 1,3%-ға өсті. Бұл ретте электр энергиясы үшін тарифтер 6,3%-ға, кәріз – 1,1%-ға, суық су – 1,0%-ға, ыстық су және тұрғын үйді ұстау – 0,6%-ға, тұрғын үйді жалға алу – 0,3%-ға өсті. Бұдан басқа, байланыс қызметінің бағасы 4,6%-ға, амбулаторлық қызмет – 1,3%-ға, көлік қызметі – 0,4%-ға, білім беру қызметі – 0,3%-ға өсті.

2015 жылғы қаңтар-ақпанда инфляция 1,0% (2014 жылғы қаңтар-ақпанда – 2,3%) болды. Ақылы қызмет көрсету 2015 жылдан бастап 2,1%-ға (2,8%), азық-түлік тауарлары – 1,4%-ға (2,0%) қымбаттады. Азық-түлікке жатпайтын тауарлар 0,6%-ға арзандады (2014 жылғы ақпанда – 2,2%-ға өсті) (1-график).

1-график

**2014 және 2015 жж. қаңтар-ақпандағы инфляция және оның негізгі топтары**



## 2. 2015 жылғы ақпанның аяғындағы халықаралық резервтер мен ақша агрегаттары

2015 жылғы ақпанда Ұлттық Банктің жалпы халықаралық резервтері 29,1 млрд. АҚШ долларына дейін 0,1%-ға ұлғайды (жыл басынан бері 0,6%-ға ұлғайды). Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері 0,4%-ға ұлғайып, 28,3 млрд. АҚШ долларын құрады (жыл басынан бері 1,2%-ға ұлғайды).

Жалпы алғанда елдің халықаралық резервтері Ұлттық қордың шетел валютасындағы активтерін (71,7 млрд. АҚШ доллары) қоса алғанда, 100,8 млрд. АҚШ долларын құрады.

2015 жылғы ақпанда ақша базасы 1,2%-ға кеңейіп, 3144,8 млрд. теңге болды. Тар ақша базасы, яғни банктердің Ұлттық Банктегі мерзімді депозиттерін есептемегендегі ақша базасы 1,5%-ға кеңейіп, 3059,9 млрд. теңгені құрады.

## 3. 2015 жылғы ақпандағы валюта нарығы

2015 жылғы ақпанда теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамы 1 АҚШ доллары үшін 184,45 – 185,05 теңге аралығында өзгерді. 2015 жылғы ақпанның соңында теңгенің биржалық бағамы бір АҚШ доллары үшін 185,05 теңге болды.

2015 жылғы ақпанда қосымша сауда-саттықтардағы мәмілелерді қоса алғанда, Қазақстан қор биржасындағы биржалық операциялардың көлемі 5,5 млрд. АҚШ долларын құрады. Биржадан тыс валюта нарығындағы операциялар көлемі 0,5 млрд. АҚШ доллары болды.

Жалпы алғанда, ішкі валюта нарығындағы операциялардың көлемі 6,1 млрд. АҚШ долларын құрады.

## 4. 2015 жылғы ақпандағы мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы

2015 жылғы ақпанда Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздарын орналастыру бойынша 3 аукцион өтті. Оларда 15 жылдық МЕУКАМ (5,0 млрд. теңге), 20 жылдық МЕУКАМ (20,1 млрд. теңге), 25 жылдық МЕУКАМ (45 млрд. теңге) орналастырылды.

Орналастырылған бағалы қағаздар бойынша тиімді кірістілік 15 жылдық МЕУКАМ бойынша – 7,68%, 20 жылдық МЕУКАМ бойынша – 8,07%, 25 жылдық МЕУКАМ бойынша – 8,37% болды.

Қаржы министрлігінің айналыстағы бағалы қағаздарының көлемі 2015 жылғы ақпанның соңында өткен аймен салыстырғанда 0,7%-ға ұлғайып, 4716,7 млрд. теңгені құрады.

### *Қазақстан Ұлттық Банкінің қысқамерзімді ноттары*

2015 жылғы ақпанда Ұлттық Банктің ноттарын орналастыру бойынша аукциондар өтпеді.

2015 жылғы ақпанда Ұлттық Банктің айналыстағы ноттарын (11,9 млрд. теңге) толық өтеу болды.

#### **5. 2015 жылғы ақпанның соңындағы жағдай бойынша банкаралық ақша нарығы.**

2015 жылы ақпанның соңындағы жағдай бойынша орналастырылған банкаралық депозиттердің жалпы көлемі баламасында 3127,1 млрд. теңгені құрап, 2015 жылғы қаңтардың соңымен салыстырғанда 23,2%-ға ұлғайды.

Орналастырылған банкаралық теңгемен депозиттердің көлемі 84,0 млрд. теңгені (орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 2,7%-ын) құрады. Бұл ретте орналастырылған банкаралық теңгемен депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 2014 жылғы қаңтардағы 10,89%-дан 2015 жылғы ақпанда 12,93%-ға дейін өсті.

Орналастырылған АҚШ долларындағы депозиттердің көлемі 16,1 млрд. АҚШ долларын (орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 95,1%-ын) құрады. 2015 жылғы қаңтардағымен салыстырғанда орналастырылған доллармен депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі бұрынғы деңгейде 0,07% мөлшерінде сақталды.

Ресей рублімен және еуромен орналастырылған депозиттердің көлемі шамалы болды – орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің тиісінше 2,2%-ы және 0,03%-ы.

2015 жылғы ақпанда шетел валютасындағы банкаралық депозиттердің үлесі орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінде 0,6% ұлғайды. Шетел валютасында резидент емес банктерде орналастырылған депозиттердің үлесі орналастырылған банкаралық депозиттердің жалпы көлемінде 0,9% ұлғайды.

Ұлттық Банк банктерден тартқан депозиттердің көлемі 2015 жылғы ақпанның соңындағы жағдай бойынша 33,1 млрд. теңгені құрады.

*Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады: +7 (727) 2704 639, +7 (727) 2704 585, +7 (727) 3302 497, e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz), [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz).*